



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР


2017 жылғы 24 ақпан

Номиналы 1000 теңгелік банкноттар туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі **2017 жылғы 1 наурыздан бастап** 2006 жылғы үлгідегі номиналы 1000 теңгелік банкноттардың айналыста болуын аяқтайтынын және төлем құралы болуын тоқтататынын еске салады.

Аталған күнге дейін бұл банкноттар заңды төлем құралы болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемдер және банк операциялары үшін қандай да болмасын шектеусіз пайдаланылады.

2006 жылғы үлгідегі номиналы 1000 теңгелік банкноттарды Ұлттық Банктің барлық филиалдарында олардың айналыста болуының аяқталу күнін күтпей айырбастауға болады.




Одан кейін **12 ай ішінде** – 2017 жылғы 1 наурыз – 2018 жылғы 28 ақпан аралығында қоса алғанда – көрсетілген банкноттар кез келген екінші деңгейдегі **банкте** айырбасталады.

ҚР Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында 2006 жылғы үлгідегі номиналы 1000 теңгелік банкноттар айырбастау үшін **2021 жылғы 28 ақпанға** дейін қабылданады. Ұлттық Банк филиалдары бұл банкноттарды комиссия алмай айырбастайды.

Бұл ретте Ұлттық Банк **заңды төлем құралы болып табылатын** номиналы 1000 теңгелік **ескертікші банкноттардың** айналыста екендігін хабарлайды.

НОМИНАЛЫ 1000 ТЕҢГЕЛІК ЕСКЕРТКІШ БАНКНОТТАР ЗАҢДЫ ТӨЛЕМ ҚҰРАЛЫ БОЛЫП ТАБИЛАДЫ



Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес айналыстағы банкноттарды қабылдаудан бас тарту шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – он, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банкноттарды қабылдаудан, ұсақтаудан және айырбастаудан бас тартуы елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Сұрақтар туындаған жағдайда Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасына +7 (727) 2704 585 телефоны бойынша және Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасына +7 (727) 2704-569 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Ұлттық Банк филиалдарының мекенжайы

Филиал	Мекенжайы
Орталық филиал	010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 21
Ақмола филиалы	020000, Көкшетау қ., Әуезов к-сі, 214
Алматы қалалық филиалы	050000, Алматы қ., Панфилов к-сі, 98
Алматы облыстық филиалы	040008, Талдықорған қ., М. Төлебаев к-сі, 58/64
Атырау филиалы	060002, Атырау қ., Уәлиханов к-сі, 2а
Ақтөбе филиалы	030006, Ақтөбе қ., Асау-Барақ к-сі, 45
Шығыс Қазақстан филиалы	070019, Өскемен қ., Қазақстан к-сі, 3
Жамбыл филиалы	080000, Тараз қ., Қазыбек-би к-сі, 137
Батыс Қазақстан филиалы	090000, Орал қ., Досмұхамедов к-сі, 16
Қызылорда филиалы	120015, Қызылорда қ., Б. Асқар к-сі, 30
Қостанай филиалы	110000, Қостанай қ., Баймағамбетов к-сі, 195
Қарағанды филиалы	100000, Қарағанды қ., Бұхар-Жырау к-сі, 19
Маңғыстау филиалы	130000, Ақтау қ., 23-шағынаудан
Павлодар филиалы	140000, Павлодар қ., Академик Сәтбаев к-сі, 44
Солтүстік Қазақстан филиалы	150000, Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы к-сі, 6
Оңтүстік Қазақстан филиалы	160012, Шымкент қ., Төреқұлов к-сі, 2

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz